

Қуат конденсаторларын өндіруге арналған сіңіргіш сұйықтыққа қатысты Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай Тауар номенклатурасына және Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 33 шешімі 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 42 және 45-баптарына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы шешті:

1. Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай Тауар номенклатурасына және Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне (Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 16 шілдедегі № 54 шешіміне қосымша) мынадай өзгерістер енгізілсін:

а) Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай Тауар номенклатурасынан №1 қосымшаға сәйкес қосалқы позиция алып тасталсын;

б) Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай Тауар номенклатурасына №2 қосымшаға сәйкес қосалқы позициялар енгізілсін;

в) Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің кедендік әкелу баждарының мөлшерлемелері № 3 қосымшаға сәйкес белгіленсін;

г) Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай Тауар номенклатурасына ескертулердегі "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің атқарушы билігінің мемлекеттік саясатты әзірлеу және өнеркәсіп саласындағы нормативтік-құқықтық реттеу жөніндегі функцияны жүзеге асыратын уәкілетті орган" кестедегі "Беларусь Республикасы" деген позиция (екінші бағандағы) " ; әкелінетін тауардың нысаналы мақсатын растауға Беларусь Республикасының Министрлер Кеңесі уәкілеттік берген орган (ұйым), - өнеркәсіптің өзге салаларында" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

В.Христенко

Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының 2015 жылғы 21 сәуірдегі
№ 33 шешіміне
№1 ҚОСЫМША

Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай Тауар номенклатурасынан алып тасталатын ҚОСАЛҚЫ ПОЗИЦИЯ

--	--	--

СЭҚ ТН коды	Позиция атауы	Қосымша өлшем бірлігі
3824 90 970 9	- - - - - өзгелері	-

Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының 2015 жылғы 21 сәуірдегі
№ 33 шешіміне
№2 ҚОСЫМША

Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай Тауар номенклатурасына енгізілетін ҚОСАЛҚЫ ПОЗИЦИЯЛАР

СЭҚ ТН коды	Позиция атауы	Қосымша өлшем бірлігі
3824 90 970 2	- - - - - қуат конденсаторларын өндіруге арналған сіңіргіш сұйықтық 5)	-
3824 90 970 8	- - - - - өзгелері	-

Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының 2015 жылғы 21 сәуірдегі
№ 33 шешіміне
№ 3 ҚОСЫМША

Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің кедендік әкелу баждарының МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕРІ

СЭҚ ТН коды	Позиция атауы	Кедендік әкелу бажының мөлшерлемесі (кедендік құнның пайыздарымен не еуромен не АҚШ долларымен
3824 90 970 2	- - - - - қуат конденсаторларын өндіруге арналған сіңіргіш сұйықтық 5)	0
3824 90 970 8	- - - - - өзгелері	5